

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫН ЖАСАУДА КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТІҢ МАҢЫЗЫ

ӘШІРБЕКОВА Гүлмира Шайтмағанбетқызы

Ф.ғ.к., Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті баспасөз және
баспа ісі кафедрасының доценті

Нұр-Сұлтан/Қазақстан

e-mail: ashirbekova_75@mail.ru

Аңдатпа. Білім беру бағдарламасын жасауда кәсіби құзыреттілік маңызды мәселенің бірі саналады. Өз кезегінде ол білім беру мазмұнын тереңдетіп, соған сай маман дайындауға әсері ететіні белгілі. Бүгінгі таңда халықаралық талаптарға сай білім беру мазмұнын дайындау, оны білім алушының меңгеруіне ықпал жасау, кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру және оны бағалау – әлемдік білім-ғылым саласының басты талабы. Бұл мәселе бұған дейін көптеген елде жан-жақты қарастырылып келеді. Десе де, әрбір білім беру бағдарламасы бойынша жеке-жеке зерделеуде қажет етеді. Сондықтан, мақалада журналистика және медиа саласының мамандарын даярлауда ұстанылатын құзыреттіліктер негізге алынады. Атап айтқанда, «баспа ісі» білім беру бағдарламасы аясында аудиовизуалды құрылғылар мен медиа өндірістегі кәсіби және сапалық құзыреттіліктер талданады. Зерттеуде Еуропа мен Ресей ғалымдарының ғылыми еңбектері негізге алына отырып, кәсіби және сапалық құзыреттілік мәселесі көтеріліп, оны қалыптастырудың ғылыми негіздері сараланады. «Баспа ісі» білім беру бағдарламасының кәсіби құзыреттіліктері Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті мысалында көрсетіле отырып, зерттеу нәтижесіне сай тұжырым жасалады. Оны сала мамандарын дайындаудың сапасын бағалау мен білім беру бағдарламасын жасауды жетілдіруде қолдануға болады.

Кілт сөздер: *құзыреттілік, медиа, медиакеңістік, аудитория, аудиовизуалды құрылғы, журналистика.*

Кіріспе. Білім беру саласындағы құзыреттілік мәселесіне байланысты өте көп ғылыми еңбектер жазылды. Құзыреттілік түрлері мен оны қалыптастыруда тұлғаның сапалық көрсеткіштерін арттыруға ерекше көңіл бөлінеді. Әсіресе шығармашылық құзыреттілікті дамыту маңызды. Осы орайда «Аудиовизуалды құрылғылар және медиа өндіріс» білім беру бағдарламаларының тобына қатысты құзыреттілік мәселелерін арнайы сөз етудің бірнеше себептері бар. Біріншіден, аталған білім беру бағдарламалар тобы өнер бағытында болғандықтан, медиаөндіріс яғни медиаөнімді дайындау мен өңдеу, сондай-ақ медиа саласындағы барлық қызметтер аясын қамтуы тиіс деп ойлаймыз. Екіншіден, баспа ісі білім беру бағдарламасын әзірлеу барысында шығармашылық құзыреттілікті яғни білім алушының сыни тұрғыдан ойлау қабілеті мен мәтінмен

жұмыс жасау дағдысын дамытуға басымдық берілуі керек. Үшіншіден, тұлға құзыреттілігінің когнитивтік, креативті, ұйымдастырушылық, коммуникативтік, дүниетанымдық сапасын айқындайтын модульдерді жоспарлау маңызды деп білеміз.

Материалдар мен зерттеу әдістері. Зерттеуде журналистика саласының мамандарын даярлауда ұстанылған және оны оқытудағы кәсіби құзыреттіліктер туралы талқылаған зерттеу материалдары негізге алынады. Еуропа мен Ресей ғалымдарының ғылыми еңбектерімен дәйектеледі. Нәтижесінде «баспа ісі» білім беру бағдарламасы бойынша аудиовизуалды құрылғылар мен медиа өндірістегі кәсіби және сапалық құзыреттіліктер талданады.

Талқылау. Ресейлік ғалым А.Г.Сергеевтің «Құзыреттілік және білім берудегі құзыреттіліктер» атты монографиясында «Құзыреттілік – іс-әрекеттің жалпыланған тәсілдері, кәсіби қызметті өнімді орындауды қамтамасыз ету. Бұл адамның өз құзыреттілігін іс жүзінде жүзеге асыру қабілеті. Құзыреттілік кең мағынада қабілет, дағды, мүмкіндіктер, тәжірибе және түсіну», – деп анықтама береді (Сергеев, 2010: 11). Білім беру саласындағы нәтиже де осы бағыт пен мақсатты көздегені дұрыс. Кәсіби маманның шығармашылық мүмкіндіктері мен дағдысын қалыптастыруда тәжірибенің алатын орны ерекше. Сондықтан кез келген білім беру бағдарламасында оқу, өндірістік тәжірибе жинақтау міндетті түрде жоспарланады.

Білім беруде негізгі құзыреттіліктің қызметі бірқатар ережелерге сүйенеді:

- жас азаматтардың күнделікті өмірге дайындығы мен әлеуметтік сұранысын айқындау;
- білім алушының оқуға, білуіге деген жеке түсініктерін жүзеге асырудың шарты болу;
- білім, іскерлік және қызмет тәсілдерін мақсатты түрде кешенді қолдануға үйрету;
- нақты объектілерге қатысты оның қабілеті мен практикалық дайындығын қалыптастыру үшін қажетті білім алушының пәндік іс-әрекетінің тәжірибесін ұсыну;
- білім беру мазмұнының метапәндік элементтері ретінде әртүрлі оқу пәндері мен білім беру салалары мазмұнын қалыптастыру;
- нақты міндеттерді шешу үшін теориялық білімді практикалық пайдаланумен біріктіру;
- студенттерді даярлау сапасының интегралды сипаттамаларын ұсыну және ұйымның кешенді құралы ретінде қызмет ету, жеке және әлеуметтік маңызды білім беруді бақылау (Савченко, 2021: 27).

Білім беру бағдарламасында құзыреттіліктерді айқындау әлемдік дағдарыстан шығу үшін дайындалған ауқымды еуропалық жоба Болон процесінде көрсетілген. Еуропаның 80 университетінің ректорлары қол қойған декларацияға

Қазақстан 2010 жылдың наурыз айында қосылды. Жоғары білім берудің еуропалық аймағының 47- мүшесі және еуропалық білім беру кеңістігінің толық құқылы мүшесі ретінде танылған алғашқы Орталық Азия мемлекеті болды.

Білім беру құзыреттілігі білімге жеке көзқарасқа байланысты, олар белгілі бір әрекеттерді орындау барысында ғана көрінеді, сонымен қатар тексеріледі.

Құзыреттілік – бұл жеке қасиеттердің қалыптасқан жиынтығы. Жоғары білімі бар маманның құзыреттілігі немесе кәсіби құзыреттілік – жұмыстың талаптарына сәйкес әрекет етуге, міндеттер мен мәселелерді әдістемелік түрде ұйымдасқан және дербес шешуге, сондай-ақ өз қызметінің нәтижелерін бағалауға дайын болуға қабілеттілік. Кәсіби құзыреттілік кәсіптік білім берудің нәтижесі болып табылады. Кәсіби құзыреттіліктің критерийлері – бұл маманның еңбек нәтижелерінің қоғамдық маңызы, оның беделі, әлеуметтік және нақты білім саласындағы мәртебесі.

«Құзырет» пен «құзыреттілік» түсініктерін анықтауда салыстырмалы түрде талдау жасалған, оларды көптеген ресейлік және шетел ғалымдары И.А.Зимняя, В.И.Байденко, Н.А.Гришанова, Д.А.Махотин, О.Е.Лебедев, С.Адам, У.Клемент және тағы басқалар бірқатар ғылыми еңбектер жазды. Бір сөзбен айтқанда, құзыреттілік нәтижеге бағытталған білім деген түсінікті білдіреді. М.В.Лебедева мен О.Н.Шилова оқытушының ақпараттық-коммуникациялық құзыреттілігін «оқу, тұрмыстық, кәсіби міндеттерді ақпараттық және коммуникациялық технологиялардың көмегімен шеше білу қабілеттілігі» деп анықтайды. Әрбір білім алушының жеке ерекшеліктері ескерілген білім беру нәтижелері түріндегі құзыреттіліктер жиынтығын игеруіне бағдарланған. Ақпараттық құзыреттілікті қалыптастырудың басты мақсаты – білім алушыларды ақпаратты беру, түрлендіру және оны қолдану білімдерімен қаруландыру, олардың компьютерлік технологияны өз қызметтеріне еркін, тиімді пайдалана алу қабілеттерін қалыптастыру.

Өнер бағытындағы аудиовизуальды құрылғылар және медиаөндіріс білім беру бағдарламаларының тобы үшін шығармашылық құзыреттіліктің алатын орны ерекше. Болашақ медиа саласының кәсіби құзыреттілігін дамытуда коммуникация жасау тәсілдерін, менеджмент пен маркетинг негіздерін, дизайн теориясы мен тәжірибесін, web-технологияларын, кәсіби этика, ең бастысы – мәтінмен жұмысты меңгертуге басымдық беріледі. Осы орайда айта кетуіміз керек, баспа ісі білім беру бағдарламаларына тіл мәдениеті мен әдеби тіл нормаларын оқытудың маңызы зор. Өйткені болашақ редактордың кәсіби құзыреттілігінің негізгі нәтижесі маманның сауаттылығынан көрінеді. Әдеби тіл нормаларын меңгеруде білім алушы стильдер жүйесімен, әдеби тілдің негіздерімен, әдеби тіл лексикасымен, тілдік нормалармен, оның ішінде орфографиялық және орфоэпиялық нормалар, сондай-ақ фразеологизм туралы толық түсінік қалыптастырады. Бұған қоса болашақ редактордың ұлттық әдебиеттің жауһарларын, әлемдік деңгейде танылған қаламгер шығармаларынан хабардар болуы да маңызды.

Шығармашылық құзыреттілігін дамытуда білім беру бағдарламасына редакторлық қызметтің тәжірибесін оқыту маңызды. Медиамәтіннің құрылымы мен өңдеу, жариялау және оқырманның немесе тұтынушының қабылдауы, бір сөзбен айтқан медиапсихология негіздерін меңгеру болашақ маманның кәсіби құзыреттілігінің негізі болып табылады.

Баспа ісі білім беру бағдарламасын дайындау барысында жоғарыда аталған кәсіби құзыреттіліктерді айқындау – негізгі мақсат. Сондай-ақ кітаптану ғылымын қазіргі уақыт сұранысына сай жетілдіруге де мән берілгені абзал. Өйткені кітаптану ғылымының тұжырымдамалары қазіргі нарық пен тұтынушы, маркетинг пен менеджмент заңдылықтарына бағытталуы керек деп ойлаймыз.

Аудиовизуальды құрылғылар және медиаөндіріс білім беру бағдарламалар тобы бойынша редакторлық қызметтің мәртебесін арттыру, осы саладағы ғылыми ізденістерді дамыту мақсатында магистратура білім беру бағдарламасын жүзеге асырудың маңызы зор. Тек білім беру бағдарламасының мазмұны жүйелі түрде медиаөндірістің сапасына, медиа саласындағы өзекті мәселелерді зерттеуге, жаңа технологияның мүмкіндіктері мен медиапсихология мәселелерін меңгертуге бағытталғаны дұрыс.

Қазіргі таңда медиа өндірістегі ең өзекті саланың бірі – тілдік норма. Мақсатты аудиторияға бағытталған мәтін дайындау көптеген олқылықтар орын алуда. Мәселен, балаларға арналған бағдарламаның тілін үлкеннің түсініктеме беруінсіз қабылдау қиындығы, отандық сериалдағы тым ресми диалог және т.б. көптеген мәселелер тікелей редакторлардың шығармашылық ізденісін қажет етеді.

Заманауи медиа кеңістікте дәстүрлі және жаңа медиа (multiskilling – уақыт шындығымен талап етілетін әр түрлі дағдыларды қажет етеді), ақпарат пен ойын-сауық (infotainment), журналистика және қоғам (user generated content), ақпарат көздері мен аудитория өкілдері (demediation), журналистер мен баспагерлер (commercialisation) арасындағы шекаралар онша байқалмайтын болып барады, – деп жазады Н.Дрок (2011: <http://www.mediascope.ru/node/859>). Ақпараттық дәуірде дәстүрлі медиа түрлі трансформациядан өтуде. Жаңа медианың мүмкіндіктері барынша жылдам ойлау мен әрекет етуге бағытталғанымен, медиаөнімнің сапасы қашан да құнды. Сондықтан да медиа бағытындағы білім беру бағдарламасында барынша заманауи маманға қажетті құзыреттілікті дамытуды көздеген абзал.

Осы орайда ғалым О.В.Белкина журналистер ақпарат жеткізуші, ақпараттық кеңістігінде көпшілік алдындағы субъект, қоғамдық диалог медиатор ретіндегі кәсіби және сапалық құзыреттілігіне қойылатын талаптар өсетінін айтады (Белкина, 2013: 6). Болашақта ең танымал бұқаралық ақпарат құралдары саласында сапалы дайындалған және кәсіби білімі мен құзыреттілігі қалыптасқан, сондай-ақ нақты кәсіби ұстанымы бар мамандар қызмет етеді. Болашақ журналистерді білікті, шығармашылық, бәсекеге қабілетті, ерекше журналистік ой-өрісі бар, инновациялық жаһандық ойлау қабілеті бар мамандар ретінде дайындайтын сапалы университеттік білім беру басымдыққа ие болады.

Нәтиже. Қазірдің өзінде аталған бағыттағы білім беру бағдарламалары арасында бәсекелестік қалыптасып келеді. Тек білім беру бағдарламаларын таңдауда болашақ маман өзіне қажетті құзыреттіліктерге ерекше мән бергені дұрыс деп ойлаймыз. Осы орайда болашақ медиа саласының маманының негізгі кәсіби құзыреттіліктеріне тоқталғымыз келеді. Медиа мамандардың академиялық және кәсіби ортадағы кісіби құзыреттілігін қалыптастыруға байланысты халықаралық ауқымды екі жобаның аясында зерттеушілердің арасында пікірталас туғызды. «Әлем журналистері» мен «Әлемдік кеңістіктегі студент-журналистер» деп аталатын топтарда тәжірибелі журналистер мен аталған мамандықта білім алатын студенттер өзі пікірлерін ортаға салды. Сондай-ақ үшінші топ – маман дайындауға атсалысып жүрген «Журналистика саласындағы оқытушылардың Еуропалық ассоциациясының» да көзқарасына талдау жасалған. Ең ауқымды зерттеу 2018 жылдың қаңтар, ақпан айларында жүргізілген. Зерттеуге Еуропаның 28 мемлекетінің 69 ЖОО-ның оқытушылары қатысқан. Жаңа медиа саласының мамандарының кәсіби құзыреттілігі 2000 жылдың басынан белсенді зерттеліп, бірқатар ғылыми тұжырымдар да жасалған. Осындай зерттеу нәтижесінде 2006 жылы «Tartu» декларациясы қабылданып, 2013 жылы академиялық зерттеуге байланысты жаңартылды (Дрок, 2019). Тәжірибелі журналистер, оқытушылар және мамандық бойынша білім алушылар арасында болған қызу пікірталас пен сауалнама қорытындысында мынадай құзыреттіліктер іріктеліп алынды:

1. Журналистиканың әлеуметтік ролін және онда болып жатқан өзгерістерді түсіну;
2. Нақты медиаарналар мен БАҚ-тың қоғамдық және өндірістік қажеттіліктерін ескере отырып, сәйкес келетін тақырыптары мен аспектілерді табу;
3. Журналистік қызметті ұйымдастыру және жоспарлау;
4. Деректерді жинаудың дәстүрлі техникасы мен зерттеу әдістерін қолдана отырып, ақпаратқа жылдам қол жеткізу;
5. Басты ақпаратты анықтау;
6. Ақпаратты журналистік тұрғыда жүйелеу;
7. Ақпаратты журналистік пішінге сәйкес келетін тілде тарату;
8. Журналистік жұмыстың нәтижелерін бағалау және оған жауапкершілікпен қарау;
9. Командада немесе редакция ұжымында ынтымақтастыққа дайын болу;
10. Кәсіби медиа ұйымдарда немесе фрилансер ретінде жұмыс жасау (Белкина, 2013: 7).

Жоғарыда журналистика мен аудиовизуалды құрылғылар және медиа өндіріс саласын екі бөлек қарастырмайтынымызды ескерттік. Еуропа мен Ресей ғалымдарының бірлескен зерттеу нәтижелері бізге де қатысты деген ойдамыз. Өйткені біздің қоғамда да тәжірибелі журналистердің жоғары оқу орындарындағы оқыту жүйесіне қатысты сыни пікірлері жиі айтылып қалады. Білім алушылардың білім беру бағдарламаларына қатысты ескертпелерін де естен шығармаған абзал.

Кейде тәжірибелі журналистер мен студенттер арасында тартыс туындап жататынын жасыра алмаймыз. Қалай десек те, Еуропадағыдай кәсіби құзыреттілік айналасында пікірталас толастар емес. Сондықтан жоғарыдағы құзыреттілік қағидаларды біз де назарға алғаннан ұтылмасымыз анық.

Әлемде орын алған пандемияға байланысты білім беруде қашықтан оқыту кеңінен қолданысқа енді. Қашықтан оқыту бұған дейін тек жанама түрде ғана пайдаланылғанын ескерсек, оқытудың аталған түріне бірден көшу оңай болған жоқ. Айта кетуіміз керек, аз ғана уақыттың ішінде қашықтан оқыту технологиясын барынша игеру мақсатында түрлі платформалар мен коммуникацияның тәсілдерін меңгеруге қызығушылық артты.

Онлайн білім – бұл жоғары білім саласындағы ең үлкен жаңалық. Университеттер әр студент үшін бәсекелес болғанымен, білім беру платформаларын миллиондаған жастар пайдалана алады. Университеттің жетістігінің негізгі факторы – онлайн оқыту, аралас және мобильді білім беру сияқты жетекші технологиялардың болуы. Сондай-ақ мобильді және аралас оқыту күмән тудырмайды. Қашықтан оқытудың негізгі идеясы – мүмкіндік беру. Пандемия жағдайына байланысты қашықтан оқытуға көшкенімізбен, алдағы уақытта оны жетілдірудің жолдарын қарастырудың маңызын уақыт өзі көрсетіп берді.

О.Ю.Дигтяр өзінің қашықтан оқытуға байланысты мақаласында дұрыс ұйымдастырудың маңызын айтады (Дрок, 2011: 137). Ғалым «оқытудың бұл түрі бұрыннан қалыптасқан оқыту әдістеріне жаңа проблемаларды туындататынын», сондай-ақ студенттермен feedback (кері байланыс) міндетті түрде қалыптастыру қажеттігін ескертеді.

Қорытынды. Баспа ісі білім беру бағдарламасы бойынша қашықтан оқытуда екі негізгі факторға: кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру және кері байланыс орнату көзделді. Осы орайда білім беру бағдарламасында оқытылатын пәндерде шығармашылық жаттығулар орындау, ойын элементтері арқылы кері байланыс орнату, сыни тұрғыдан ойлау мен жазуды дамыту стратегияларын пайдалана отырып, дизайн жасау, мәтінмен жұмыс, редакторлық шығармашылық негіздерін игеруге бағытталған тапсырмалар орындауға мән берілді. Сондай-ақ баспа ісі саласындағы кітап бизнесі, библиополистика мәселелерін зерттеу мен меңгеру – бүгінгі күннің басты талабы. Осы орайда коммуникация тәсілдерін оқытудың да маңызы зор.

Баспа ісі білім беру бағдарламасындағы практикалық сабақ барысында теориялық білімін бекітіп қана қоймай, оларды шығармашылық ізденістерге дағдыландыруды мақсат етеміз. Әрбір сабақта шығармашылық тапсырмалар арқылы білім алушының танымын дамыту көзделеді. Болашақ маман даярлауда ең алдымен олардың мәтін жазу, ойын, идеясын анық жеткізуге үйретуіміз қажет.

Практикалық сабақтарда орындалатын жаттығулар: ментальды карта: лекцияда, ғылыми еңбектерден тапқан материалдарын, деректерін ақылды картаға

түсіру; мәтіндер категориясын ажырату үшін өз өмірінен бір оқиғаны әр түрлі жанрда жеткізу (драма, комедия, фантастика) және т.б. Бұл тапсырмадан бөлек газет материалдарын талдау ұсынылады.

Тілдік, стильдік бағыттағы тапсырма: бір ақпаратты қоғамдық-саяси және сары басылымға арнап дайындау. Кәсіби мәдениетін қалыптастыру мақсатында «Өзің туралы он дерек» жазу. Бұл тапсырма өзін-өзі бағалауға және кемшіліктерімен жұмыс жасауына көмектеседі.

Қорыта айтқанда, баспа ісі білім беру бағдарламасының кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруда редакторлық қызмет, кітаптану, библиополистика, дизайн теориясы мен тәжірибесі, менеджмент және маркетинг негіздерін меңгерту мақсат етіледі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

Белкина О.В. (2013). Развитие профессиональной компетенции у студентов журналистов // Профессиональный проект: идеи-технологии-результаты. – Москва. Научный журнал, выпуск 3(12). С.156.

Дигтяр О.Ю. (2019). Современные образовательные технологии преподавания иностранных языков студентам неязыковых вузов в условиях реализации стандартов нового поколения и информатизации образования // Мир педагогики и психологии. Нижний Новгород: Научно-издательский центр «Открытое знание». – № 1 (30).

Дрок Н. (2011). Смена профессиональных компетенций в журналистском образовании// Медиаскоп. Электронный научный журнал факультета журналистики МГУ имени М.В. Ломоносова. – 2011. – № 3. <http://mediascope.ru/node/859> (қаралған уақыты: 26.02. 2021).

Дрок Н. (2019). Профессиональные компетенции начинающих журналистов: каими их видят в будущем российские и европейские преподаватели// Вестник Московского университета, Серия 10. Журналистика. №5, 2019. С.5.

Савченко, Н.А. (2021). Технология проектирования ключевых и предметных компетенций. www.humanities.edu.ru/dl/msg/84193 (қаралған уақыты: 05.03. 2021).

Сергеев А.Г. (2010). Компетентность и компетенции образования. – Владимир: Изд-во Владим. гос. ун-та, 2010. – С.107. <http://dspace.www1.vlsu.ru/bitstream/123456789/2063/3/00711.pdf> (қаралған уақыты: 15.03.2021).

References

Belkina O.V. (2013). Razvitye professyonalnoy kompetensii u studentov jurnalistov // Professyonalniy proekt: idey-tehnologii-rezultatı. Moskva. Nouchniy jurnal, vipusk 3(12). P.156.

Digtyar O.Yu. (2019). Sovremenniy obrazovatelniy tehnologii prepodavanya inostrannih yazykov studentam neyazykovih vuzov v usloviyah realizatsiyi standartov

novogo pokoleniya i informatsyi obrazovanya // Mir pedagogiki I psihologyi. Nizhnyi Novgorod: Nauchno-izdatelskiy sentr "Otkryitoe znanie". № 1 (30).

Drok N. (2011). Smena professionalnyh v jurnalistkom obrazovaniyi // Medyaskop. Elektronnyi nouchnyi jurnal fakulteta jurnalistiki MGU imeni M.V.Lomonosova. №3. <http://mediascope.ru/node/859> (date of address: 26.02. 2021).

Drok N. (2019). Professionalnyi kompetensii nachinayushih jurnalistov: kakimi ih vidyat v budushem rossiskoye I evropeyskiye prepodavateli // Vestnik Moskovskogo universiteta, Serya 10. Jurnalistika №5. P.5.

Savchenko N.A. (2021). Tehnologya proektirovanya klyuchevih I predmetnih kompetensiy. www.humanities.edu.ru/dl/msg/84193 (date of address: 05.03. 2021).

Sergeev A.G. (2010). Kompetentnost I kompetensiy obrazovaniyi. Vladimir: Publishing House Vladimir State University. P.107. <http://dspace.www1.vlsu.ru/bitstream/123456789/2063/3/00711.pdf> (date of address: 15.03.2021).

Важность профессиональной компетентности в разработке образовательной программы

АШИРБЕКОВА Гулмира Шайтмаганбетовна

К.ф.н., доцент кафедрой Печати и издательского дела Евразийского Национального университета имени Л.Н.Гумилева

Нур-Султан/Казахстан

e-mail: ashirbekova_75@mail.ru

Аннотация. Одной из важных проблем при разработке образовательной программы является профессиональная компетентность. В свою очередь, она углубляет содержание образования и оказывает влияние на подготовку соответствующего специалиста. На сегодняшний день подготовка содержания образования, отвечающего международным требованиям, содействие его усвоению обучающимися, формирование и оценка профессиональных компетенций – главные требования мировой образовательно-научной сферы. Этот вопрос до сих пор всесторонне рассматривается во многих странах. Тем не менее, необходимо изучать каждую образовательную программу в отдельности. Поэтому в статье за основу берутся компетенции, которые будут закреплены при подготовке специалистов в области журналистики и медиа. В частности, в рамках образовательной программы «Издательское дело» анализируются профессиональные и качественные компетенции при изучении аудиовизуальных средств и медиапроизводства. В исследовании, исходя из научных трудов ученых Европы и России, поднимается проблема профессиональной и качественной компетентности, дифференцируются научные основы ее формирования. Профессиональные компетенции образовательной программы «Издательское дело» отражены на примере Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева и сформулированы в соответствии с результатами исследования. Данная статья может использоваться в процессе оценки качества

подготовки специалистов отрасли и совершенствования разработки образовательных программ.

Ключевые слова: компетентность, медиа, медиaproстранство, аудитория, аудиовизуальный аппарат, журналистика.

The importance of professional competence in the development of an educational program

ASHIRBEKOVA Gulmira Shaytmaganbetkyzy

Candidate of philological sciences, Associate Professor of Department of Printing and Publishing L.N.Gumilyov Eurasian National University

Nur-Sultan/Kazakhstan

e-mail: ashirbekova_75@mail.ru

Abstract. One of the important problems in the development of an educational program is professional competence. In turn, it deepens the content of education and influences the training of the relevant specialist. Today, the preparation of the content of education that meets international requirements, the promotion of its assimilation by students, the formation and assessment of professional competencies are the main requirements of the world educational and scientific sphere. This issue is still being comprehensively considered in many countries. However, it is necessary to study each educational program separately. Therefore, the article is based on the competencies that will be fixed in the training of specialists in the field of journalism and media. In particular, within the framework of the educational program "Publishing", professional and qualitative competencies are analyzed in the study of audiovisual means and media production. In the study, based on the scientific works of scientists from Europe and Russia, the problem of professional and qualitative competence is raised, the scientific foundations of its formation are differentiated. The professional competencies of the educational program "Publishing" are reflected on the example of the L. N. Gumilyov Eurasian National University and formulated in accordance with the results of the study. This article can be used in the process of evaluating the quality of training of industry specialists and improving the development of educational programs.

Keywords: competence, media, media space, audience, audiovisual device, journalism.